

Е.К. Абеуова¹, **А.Е. Каримова²**, **Г.Т. Джалдоксимова³**

¹Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің «Тарих» ББ докторанты, Павлодар қ., Қазақстан Республикасы, E-mail: enlik.abeuova@mail.ru

² Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің қауымдастырылған профессоры, т.ғ.к., Павлодар қ., Қазақстан Республикасы, E-mail: ake073@mail.ru

³ Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің оқытушысы, Павлодар қ., Қазақстан Республикасы, E-mail: gulzina_10@mail.ru

Ә.Х. МАРҒҰЛАННЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БАСТАУЫ: СЕМЕЙ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНИКУМЫНЫҢ ҒАЛЫМНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНА ӘСЕРІ

Аңдатпа

«Ә.Х. Марғұланнның педагогикалық бастауы: Семей педагогикалық техникумының ғалымның қалыптасуына әсері» атты мақаласы Ә.Х. Марғұланнның педагогикалық мансабының алғашқы кезеңін зерттейді және оның Семей педагогикалық техникумында оқуы, оның ғалым ретінде қалыптасуына қалай ықпал еткенін талдайды. Мақалада педагогикалық техникумның құрылу тарихына да, оның мақсат-міндеттеріне де шолу жасалған.

Мұрағат материалдары, замандастарының естеліктері және тарихи деректерді талдау негізінде мақала Ә. Марғұланнның көрнекті ғалым ретінде қалыптасуына техникумның оқытуы мен педагогикалық тәжірибесінің бірегей аспектілері қалай әсер еткенін көрсетеді. Сонымен қатар, оқушылар мен оқытушылар арасындағы өзара әрекеттестіктің маңыздылығына назар аударылады, бұл оқытуда шығармашылық тәсілдерді қалыптастыруға ықпал етті.

Мақалада оның кейінгі мансабы мен ғылыми жетістіктеріне әсер еткен негізгі ойлар да қамтылған. Мақаланың қорытындылары Ә.Х. Марғұланнның ғылыми жолы мен зерттеу қызметін қалыптастырудағы ерте білім беру тәжірибесінің маңыздылығын, сондай-ақ Семей педагогикалық техникумының Қазақстандағы педагогика ғылымының дамуына әсерін көрсетеді.

Зерттеу жұмысы Семей педагогикалық техникумы білім беру мекемесі ретінде кейіннен елдің білім беру жүйесін дамытуға және оқытудың жаңа әдістемелерін жасауға елеулі үлес қосқан білікті педагог кадрларды даярлауда шешуші рөл атқарғанына назар аударады.

Кілт сөздер: Ә.Х. Марғұлан, жоғарғы білім, ұстаз, педагогика, Семей педагогикалық техникумы, мұрағат.

Е.К. Абеуова¹*, А.Е. Каримова², Г.Т. Джалдоксимова³

¹Докторант ОП «История» Павлодарского педагогического университета имени Әлкей Марғұлан, г. Павлодар, Республика Казахстан, E-mail: enlik.abeuova@mail.ru

² Ассоциированный профессор Павлодарского педагогического университета имени Әлкей Марғұлан, кандидат исторических наук, г. Павлодар, Республика Казахстан, E-mail: ake073@mail.ru

³ Преподаватель Павлодарского педагогического университета имени Әлкей Марғұлан, г. Павлодар, Республика Казахстан, E-mail: gulzina_10@mail.ru

ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ НАЧАЛО А.Х. МАРГУЛАНА: ВЛИЯНИЕ СЕМИПАЛАТИНСКОГО ПЕДАГОГИЧЕСКОГО ТЕХНИКУМА НА СТАНОВЛЕНИЕ УЧЕНОГО

Аннотация

Статья «Педагогическое начало А.Х. Маргулана: Влияние Семипалатинского педагогического техникума на становление ученого» исследует ранний период педагогической карьеры А.Х. Маргулана и анализирует, как годы его учебы в Семипалатинском педагогическом техникуме способствовали его развитию как ученого. В статье также рассматриваются основные этапы становления педагогического техникума, его цели и задачи.

На основе архивных материалов, воспоминаний современников и анализа исторических данных исследование демонстрирует, как уникальные аспекты обучения и педагогической практики техникума оказали значительное влияние на становление А.Х. Маргулана как выдающегося ученого. Кроме того, акцентируется внимание на важности взаимодействия между учащимися и преподавателями, что способствовало формированию творческих подходов в обучении.

Помимо этого, освещаются ключевые моменты, которые повлияли на его дальнейшую карьеру и научные достижения. Выводы статьи подчеркивают важность раннего образовательного опыта в формировании научного пути и исследовательской деятельности А.Х. Маргулана, а также влияние Семипалатинского педагогического техникума на развитие педагогической науки в Казахстане.

Исследование акцентирует внимание на том, что Семипалатинский педагогический техникум, как образовательное учреждение, сыграл ключевую роль в подготовке квалифицированных педагогических кадров, которые впоследствии внесли значительный вклад в развитие образовательной системы страны и создание новых методик преподавания.

Ключевые слова: А.Х. Маргулан, высшее образование, учитель, педагогика, Семипалатинский педагогический техникум, архив.

Е.К. Abeuova¹*, А.Е. Karimova², G.T. Dzhaldotsimova³

¹Doctoral fellow of the History Department of Pavlodar Pedagogical University named after Alkey Margulan, Pavlodar, Republic of Kazakhstan, E-mail: enlik.abeuova@mail.ru

² Associate Professor of Pavlodar Pedagogical University named after Alkey Margulan, Candidate of Historical Sciences, Pavlodar, Republic of Kazakhstan, E-mail: ake073@mail.ru

³ Teacher of Pavlodar Pedagogical University named after Alkey Margulan, Pavlodar, Republic of Kazakhstan, E-mail: gulzina_10@mail.ru

THE PEDAGOGICAL PRINCIPLE OF A.H. MARGULAN: THE INFLUENCE OF THE SEMIPALATINSK PEDAGOGICAL COLLEGE ON THE FORMATION OF A SCIENTIST

Annotation

The article «The pedagogical beginning of A.H. Margulan: The influence of the Semipalatinsk Pedagogical College on the formation of a scientist» examines the early period of A.H. Margulan's teaching career and analyzes how his studies at the Semipalatinsk Pedagogical College contributed to his development as a scientist. The article discusses the history of the creation of a pedagogical college. The article also examines the main stages of the formation of the pedagogical college, its goals and objectives.

Based on archival materials, memoirs of contemporaries and analysis of historical data, the article demonstrates how the unique aspects of teaching and pedagogical practice of the college had a significant impact on the formation of Margulan as an outstanding scientist.

The article also highlights the key points that influenced his future career and scientific achievements. The conclusions of the article emphasize the importance of early educational experience in shaping the scientific path and research activities of A.H. Margulan, as well as the influence of the Semipalatinsk Pedagogical College on the development of pedagogical science in Kazakhstan.

The study focuses on the fact that the Semipalatinsk Pedagogical College, as an educational institution, played a key role in the training of qualified teaching staff, who subsequently made a significant contribution to the development of the country's educational system and the creation of new teaching methods.

Keywords: A.H. Margulan, higher education, teacher, pedagogy, Semipalatinsk Pedagogical College, archive.

Кіріспе. 2025 жылдың 11 мамырында қазақтың біртуар тау тұлға ғалымы, академигі Әлкей Хақанұлы Марғұланның туған күні тойланатын болады. Осыған орай еліміздің ғалымдары Ә.Х. Марғұланның жеке өмірі, ғылыми қызметі бойынша тың деректерді жан-жақты зерттеп, ғылыми-практикалық конференциялар мен семинарлар ұйымдастырылады, жыл сайынғы «Марғұлан оқулары» өткізіледі, көптеген кітаптар, журналдар мен энциклопедиялар жарық көреді.

Бүгінгі таңда академик Ә.Х. Марғұланды біз ғалым ретінде танып білеміз, яғни өмірін ғылымға арнаған зерттеуші ретінде. Негізінде білімге деген құштарлықты, ғылымға деген қызығушылықты Әлкей Марғұланға кішкентай кезден дәріптеген екен. Оның әкесі Хақан мен анасы Нұрила өз заманының білімді адамдары болған. Ә. Марғұланның әкесі арапша еркін біліп, жаза білетін, қызықты кітаптарды көп оқып, олардың мазмұнын терең түсінетін адам болған. Олардың үйінде елге танымал ақындар, жазушылар, сол кездегі зиялы қауым өкілдері жиі қонақта болған, Абай, Жаяу-Мұса, Тәттімбет, Ақан-сері және қазақ елінің басқа да ұлы ақындарының өлеңдері мен әндері әр кештерде шырқалатын. Олардың өмірбаяндары, қалдырып кеткен мұралары мен жалпы көзқарастары жас Әлкейді тәнті етіп, білімге деген ынтаны оятады. Ал ата-анасы болса ұлдарын әр кезде қолдап, көмектесіп отырған.

Сондықтан болашақ ғалым бастауыш білімді жеті жылдық ауылдық мектепте алады, содан кейін 1915 жылдан бастап үш сыныпты орыс мектебінде оқиды. 1919 жылдың соңында Әлкей Павлодарда алты айлық мұғалімдер курсына оқуға түсіп, оны бітіріп, 1920 жылы туған жеріне оралып, Баянауылдың Далба болысында мұғалім болып жұмыс істейді. Қарапайым ауыл балаларына білім нәрін сусындатқан Әлкей Марғұлан Әбікей Сәтбаевпен кездесіп, Семей педагогикалық техникумына оқуға түсуге шақырту алады [1, 32 б.].

Әбікей Сәтбаевпен бұл кездесу Әлкей өміріндегі маңызды оқиға болған, себебі заман талабына сай жоғары білім иесі атану үлкен мәртебе, ал ол кез-келген адамның қолынан келе бермейтін.

Қарап отырсақ, академик Әлкей Марғұланның ғылым шыңына жетуінің алғашқы қадамы педагогикадан басталған екен. Сол себепті ұсынылып отырған мақаламыздың негізгі мақсаты Әлкей Марғұланның педагогикалық мұрасын зерттеу, студенттік кезеңіне шолу жасау, Семей педагогикалық техникумның тарихымен танысу арқылы ғалымның саңалық өсу деңгейін айқындап, танып-білу.

Әдістер мен материалдар. Ұсынылып отырған мақалада тарихи индукцияның дәстүрлі әдісі, яғни жаңа мұрағаттық материалдарды талдау және жалпылау, сипаттамалық және салыстырмалы әдістері қолданылды.

Зерттелген материалдарға мұрағаттық талдау жүргізілді, оған құжаттардың мазмұнымен танысу, негізгі тақырыптарды анықтау кірді. Сонымен қатар, мақалада тарихи-мәтіндік салыстырмалы зерттеу, шолу, индукция, дедукция, жалпылау әдістері қолданылды [2, 182 б.].

Зерттеу жұмысы жаңа материалдарды толық және жан-жақты талдау және олардың тарихи және мәдени контекстін ескере отырып түсіндіру мақсатында аталған әдістерді қолдануға негізделген.

Ғылыми мақалада Ә.Х. Марғұланның өмірбаяны мен педагогикалық қызметін сипаттайтын жалпы материалдарға шолу жасалған. Сонымен қатар Семей педагогикалық техникумының түлегі болғанын айғақтайтын қазіргі таңда түпнұсқасы Семей қаласының тарихи-өлкетану музейінің қорында сақталған фотосурет анықталған. Атап айтсақ, «Семей қазақ педагогикалық техникумның 1924-1925 жж. түлектері» атты техникум басшылығы, оқытушылары және түлектері көрсетілген фотосурет. Сондай-ақ Ә.Сәтбаев, М.Әуезов, Ә. Марғұлан туралы естелік жазбалар құнды мәліметтер ретінде ғылыми айналымға енгізуді мақсат етіп отырмыз.

Талқылау. Бүгінгі таңда Абай облысының орталығы болған Семей қаласы Елемесов көшесі 150 мекен-жайы бойынша орналасқан М. Әуезов атындағы педагогикалық колледжі тарих және мәдениет ескерткіші болып табылатын қаланың көне оқу орындарының бірі.

Империя аймақтарында мұғалімдер семинарияларының құрылуы өзіндік сипаттамаларға ие болды. Мекемелердің ашылуының негізгі бастамашылары жергілікті биліктің әкімшілік басқарушылары, негізінен генерал-губернаторлар мен губернаторлар болғаны тарихи ақиқат. Батыс Сібір оқу округінің қамқоршысы Л. И. Лаврентьев 1899 жылы ақпанда ауданда Батыс Сібірде екінші жаңа мұғалімдер семинариясын ашу туралы мәселені көтерді. Л.И. Лаврентьев өзінің дәлелдерімен дала губернаторын Семей қаласында семинария ашуға сендіре алды, өйткені қала сол кездегі қырғыз облыстары: Ақмола, Семей және Жетісу арасында орналасқан орта орынға ие болды [3, 16 б.].

Семей қаласында мұғалімдер семинариясын құруға рұқсат 1902 жылғы 1 желтоқсанда алынды - 1903 жылғы 1 шілдеден бастап Семейде мұғалімдер семинариясы құрылды. Сол уақыттан семинария мемлекеттік қазынашылықтан қаржыландырыла бастады және 12 мың рубль алды: 5,3 – жеке құрам шығындары, 3 – студенттер мен стипендиялар шығындары және 3,7 – экономикалық шығындар.

1903 жылдың 23 қыркүйегінде Семей мұғалімдер семинариясының ашылуы өтті, оқуға түсу үшін: Томск, Тобольск, Воронеж, Орловск, Виленск губернияларынан, Семей, Жетісу және Донской облыстарынан талапкерлер жиналды. Семинария 3 негізгі және 1 дайындық сыныптары бар жеті жылдық оқу орны ретінде ашылды. Семей, Кереку, Өскемен, Қарқаралы және Ақмола уездерінен 24 бала қабылданды. Кейін Тобылдан, Барнаулдан және Жетісудан оқушыларды қабылдай бастады. Семинарияның алғашқы директоры А.И. Белый болды [4, 4 б.].

Семинарияның қалыптасуына өлкетанушылар мен педагогтар ағайынды Белослюдовтар, журналист және этнограф Н.Я. Коншин, орыс тілі мұғалімі және филолог-зерттеуші И. Я. Малахов, В. Н. Попов, педагог-филологтар және аудармашылар Нұрғали мен Назипа Құлжановтар және басқалар үлес қосты [5].

Жалпы XX ғасырдың жиырмасыншы жылдары Семей губерниясында мектептерді қайта құру, заман өзгерістеріне сәйкес ондағы оқу және тәрбие жұмысын бір арнаға келтіру жаңа жүйесін жасау, ашылып жатқан мектептерге қажетті мұғалімдер кадрлары жетіспейтіндіктен қазақ жастарынан мұғалімдер даярлайтын арнаулы оқу орнын ашу мәселесі туындады.

Сондықтан 1922 жылы семинария негізінде Семей педагогикалық техникумы ашылды [6, 93 б.].

Аталмыш оқу орнының директоры болып белгілі Алаш қозғалысының мүшесі, қоғам белсендісі Әбікей Зейінұлы Сәтбаев болғаны баршамызға мәлім. Әбікей Зейінұлы 1881 жылы Павлодар облысының (ол кезде уезд) Баянауыл ауданының Шадыра (кейін Сәтбаев совхозы) ауылында туған. Шешесі туралы мәлімет сақталмаған. Әкесі Зейін көп балалы, орта шаруалы, арабша сауатты болғаны мәлім. Ол Әбікейді әуелде ауыл мектебінде оқытып, кейін Омбының мұғалімдік семинариясына білімін жетілдіру үшін, яғни, жақсы маман болуына бағыт-бағдар беріп, қолдау жасағаның атап кетуіміз абзал. Омбы семинариясын 1905 жылы тәмамдаған соң, Әбікей Зейінұлы алғашқыда Баянауылдағы орыс-қазақ мектебінде мұғалімдік қызмет атқарады. 1909 жылдан Керекудегі екі кластық орыс-қазақ училищесінде орыс тілі мен әдебиеті, тарих, география пәндерінен сабақ береді. 1910-1917 жылдары Әбікей Зейінұлы осы училищенің директоры қызметін атқарған.

Қазақстандағы мұғалімдер даярлайтын тұңғыш оқу орындарының бірі – Семей педагогикалық техникумы 1922 жылдың 4 желтоқсанында салтанатты түрде ашылғанда тұңғыш директоры болып тәжірибесі мол, зор беделді Әбікей Зейінұлы тағайындалған. Директорлық қызметті ол 1927 жылдың соңына дейін атқарады [7].

Техникум жұмысын ұйымдастырудың алғашқы күндерінде үлкен қиындықтар кездесті. Материалдық базаның жетіспеушілігі, оқу, сабақ орындарын дайындау, жатақхана ашу, техникумды көрнекі құрал жабдықтармен, мұғалімдермен қамтамасыз ету. Әсіресе оқу және тәрбие процесін жаңа талапқа сай жолға қою оңай іс емес еді.

Осы жұмыстардың барлығында Әбікей Сәтбаевтың ұйымдастырушылық қабілеті, ұстаздық тәжірибесі, жеке басының сарқылмас сабырлығы мен қайтпас қажырлығы үлкен рөл атқарды. Сондықтан Әбікей Сәтбаев басқарған Семей қазақ педагогикалық техникумы қысқа мерзімде ұйымдастыру кезеңін басынан өткізді де Республикадағы алдыңғы қатарлы оқу орнына айналды. Ауылдан келген жастар қажымай, талмай мұғалімдік өнердің құпиясын танып білді, ғылым шыңына өрледі.

Әбікей Сәтбаев оқушылардың теория мен практиканы ұштастыра білуіне, зерттеу ісіне баса назар аударды. Сол себепті техникум түлектері оқып жүрген кездерінің өзін де губерниядағы мектептердің бейнесін өзгертті. Яғни, олар демалыс уақытында ауылдарда ашылған мектептерде қызмет етіп, халық арасындағы білім, ғылым, мәдениет, прогресс идеяларын таратушылар болды. Техникум қазақ жеріндегі тұңғыш педагогикалық орталық ретінде ағарту ісінің барлық жұмыстарына қатынасты. Қаладағы және оның маңындағы ауылдардағы оқу-ағарту мекемелерін, мектептерді тексеріп, ондағы оқу, тәрбие жұмысының дұрыс ғылыми жолға қойылуына жәрдемдесті.

Техникум жаңындағы сауатсыздықты жою комитетін басқарған Әбікей Сәтбаевтың бастамасымен техникумның оқушылары жазғы демалыс кезінде өз ауылдарына жіберілді. Олар болса 1925 жылдың жазында ғана 3502 адамның сауатын ашты.

Халықтың мәдени тілектері қанағаттандырылуы ісі де техникум басшысы мен мұғалімдерінің, оқушыларының назарында болды. Мұнда үлкен хор коллективі, драма, музыка үйірмелері қалыптасқан болатын. Техникум өнерпаздары талай концерттер ұйымдастырып, пьесалар қойып, халық арасында зор құрметке ие болып жатты. Техникум коллективі тұңғыш қазақ театрын ұйымастыруға елеулі үлес қосты [8, 96 б.].

Семей педагогикалық техникумы шарықтап тұрған шағында онда қазақ елінің белгілі адамдары білім алды: М.О. Әуезов, Ж. Аймауытов, Қ. Сәтбаев, Ә.Марғұлан, А.Құдайбердиев, Г. Сармурзин, Ш. Айманов; Кеңес Одағының Батырлары: И.Айтықов, В.Бунтовских, В.Шулятиков; Социалистік Еңбек Ерлері: Ж. Чайжунусов, М. Носова, Д.Парий; жазушы А.Нұршайықов; бірінші қазақ генералы, Қазақ КСР Ішкі істер министрі Ш. Қабылбаев; Қазақ КСР білім министрі А. Сембаев; Халықаралық әйелдер конгресінің мүшесі, қоғам қайраткері Ф. Халитова; сондай-ақ басқа да көптеген көрнекті қайраткерлер [9, 6 б.].

Нәтижелер. Әлкей Марғұлан Семей педагогикалық техникумын 1922-1925 жылдары аралығында оқыған. Сол заманның ең мықты деген оқу орны болғандықтан Әлкей Марғұланның ғалым ретінде қалыптасуына маңызы зор болды деп есептейміз.

Жалпы Семей педагогикалық техникумда ең саналы, білімге құмар оқытушылар топтаса білген. Әлкей Хақанұлының естеліктерінде техникумда сабақ берген оқытушылар Томскіден, Омбыдан, Қазан университетінен, Ленинградтан келген оқымысты, тілді жүйрік білетін адамдар болған екен. Олардың ішінде ең үлкені, жасы егде тартқан С.Г. Сироткин – орыс тілін, орыс әдебиетін оқытқан. И.Ф. Виноходов – географиядан, Афиногенов–Қазан университетінің профессоры, физикадан, химиядан сабақ берген. С.П. Иванов–Ленинградтан- тарихты, Е.Г.Мертвецов–математиканы үйреткен.

Қазақ тілінен Ғалиақбар Төребаев, орыс тілінен Шекер Қоқымбаев деген ұстаздар еңбек еткен. Алдыңғы қатарлы мұғалімдер қатарында есептен И.С. Плотников, дене шынықтырудан С.Н. Рябов тағы басқалар сабақ берген. Ал Санкт-Петербуртта аспирантурада оқып жүрген М.О. Әуезов практикалық жұмыс жүргізуге, қазақ әдебиетінен сабақ беруге арнайы шақыртылған болатын [10].

Семей педагогикалық техникумның білім беру жүйесіне байланысты анықталған мұрағат деректеріне сүйенетін болсақ 1923-1924 оқу жылына оқытушылар арасында ғылыми пәндерді бөлу шеңберінде білім беру қызметін оңтайландыруға және оқыту сапасын арттыруға бағытталған оқу процесін мұқият ұйымдастыру жүзеге асырылды. Осы тұрғыда оқытушылардың әрқайсысы белгілі бір пәндерге тағайындалды, бұл олардың кәсіби құзыреттері мен ғылыми қызығушылықтарын ескеруге мүмкіндік берді.

Оқытушы Н. М. Заблоская ежелгі мәдениет тарихының негізгі аспектілерін қамтитын курстарды оқытуға, сондай-ақ Ежелгі Шығыс пен ортағасырлардағы Греция мен Рим мәдениетінің тарихын зерттеуге тағайындалды. Бұл мамандандыру студенттерге адамзат өркениеті мен мәдени дәстүрлерінің дамуы туралы терең білім алуға мүмкіндік берді, бұл олардың дүниетанымын қалыптастыру үшін маңызды болды.

А.О. Киселев физиканы оқытуға тағайындалды, бұл студенттерде табиғи құбылыстардың негізінде жатқан физикалық процестерді ғылыми ойлау мен түсінуді қалыптастыру қажеттілігін көрсетеді. Бұл өз кезегінде оқушылардың сыни ойлауы мен аналитикалық дағдыларын дамытуға ықпал етті.

Л.Ю. Клюковский космология, педагогикалық психология және логика курстарын жүргізді. Бұл пәндер болашақ мамандарды даярлауда маңызды рөл атқарады, өйткені олар білім беру процесінің психологиялық аспектілері туралы жүйелі ойлау мен түсінуді дамытуға ықпал етеді.

А.Я. Михайлов минералогия мен геологияны оқытуға жауапты, бұл студенттерге геология ғылымдарының негіздерімен және олардың жер мен оның ресурстарын зерттеудегі маңыздылығымен танысуға мүмкіндік берді.

К.Н. Моргайлик XIX ғасыр әдебиеті, педагогикалық идеялар тарихы, жалпы және балалар психологиясы, эксперименттік педагогика, сондай-ақ еңбек мектебі туралы жаңа педагогикалық ағымдар мен ілімдер бойынша курстар жүргізеді. Пәндердің бұл әртүрлілігі студенттерге педагогикалық ой мен әдеби процестің дамуы туралы жан-жақты түсінік алуға мүмкіндік береді.

В.А. Крюгер ботаника пәнінен сабақ берді, бұл экологиялық сананы қалыптастыру және биологиялық процестерді түсіну үшін маңызды болды.

Н.И. Неудачин гигиенаға, сондай-ақ мектеп гигиенасына байланысты адам анатомиясы мен физиологиясы курстарына жауап берді, бұл білім алушылардың денсаулығы мен әлауқатының маңыздылығын көрсетеді.

Б.М. Пинегин химия сабақтарын жүргізеді, бұл заттарды және олардың өзара әрекеттесуін зерттеуге ғылыми көзқарасты дамытуға ықпал етеді.

В.И. Попов XVIII ғасырдағы әдебиет пен поэзия теориясын оқытуға жауапты, бұл студенттерге әдеби дәстүрлер мен олардың эволюциясын зерттеуге тереңірек енуге мүмкіндік берді.

Осылайша, 1923-1924 оқу жылына оқытушылар арасында пәндерді бөлу студенттердің жан-жақты дамуына және оларды кәсіби қызметке дайындауға ықпал ететін көп деңгейлі білім беру ортасын құруға бағытталған.

Жоғарыда аталған оқытушылар қауымы көп жылдық тәжірибелермен бөлісе отырып, білікті мамандар ретінде заман ағымына сай оқу бағдарламаларын әзірлеп, шәкірттеріне сабақ берген. Сондықтан Семей педагогикалық техникумы жұмыс істеген кезең ұлттық ерекшеліктер мен мәдени дәстүрлерді оқу бағдарламаларына біріктіруге бағытталған білім беру жүйесіндегі елеулі өзгерістермен ерекшеленді. Бұл көпұлтты қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыру ниетімен ғана емес, сонымен қатар мәдени мұраны сәйкестендіру мен сақтаудың маңыздылығын түсінумен де байланысты болды.

Сонымен қатар техникумдағы оқу үдерісі студенттердің мәдени контексттің байлығы мен әртүрлілігі туралы түсініктерін қалыптастыруға бағытталған, бұл әсіресе осы тарихи кезеңге тән қарқынды әлеуметтік өзгерістер мен саяси тұрақсыздық жағдайында өзекті болды. Мысалы, тарихты зерттеу аясында Семей педагогикалық техникумының оқу бағдарламасы адамзат өркениетінің әртүрлі аспектілеріне назар аударды. Оқу курсы студенттерге сол кездегі адамдардың өмірін қалыптастырған мәдениеттің, әлеуметтік құрылымдардың және әдет-ғұрыптардың пайда болуын зерттеуге мүмкіндік беретін алғашқы қоғамдардың тарихын қамтыды. Және ол келесі бөлімдерді қамтыды:

- Адам мен жануар. Адамның ежелгі дәуірі. Алғашқы қоғамдық мәдениет адам қоршаған әлемді енді ғана игере бастаған кезеңді қамтиды. Бұл кезде адам табиғатпен симбиозда өмір сүрді, жануарлардың түйсігі мен бақылауларына сүйенді. Адамның ежелгі дәуірі оның өмір салты мен өмір сүру тәсілдерін анықтайтын қоршаған ортаға тәуелділігімен сипатталады. Адам аңшы және жинаушы болды, оның қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін табиғи ресурстарды пайдаланды. Шаруашылық құрал-жабдықтары жоқ болды. Адамзат дамуының алғашқы кезеңдерінде құралдар жетіспеді және адам өзінің физикалық мүмкіндіктерін тамақ алу үшін пайдаланды. Алайда, оттың пайда болуымен эволюцияда айтарлықтай секіріс болды: өрт тек жылу көзі ғана емес, сонымен қатар ас қорытуды жақсартуға және қоректік заттардың сіңуіне ықпал ететін тамақ дайындау құралы болды.

- Бірінші құрал және олардың адам дамуындағы рөлі. Тас пышақтар мен найзалар сияқты алғашқы құралдардың пайда болуымен адам аң аулау мен жинаудың тиімділігін едәуір арттыра алды. Бұл құралдар технологияның одан әрі дамуына негіз болды және әлеуметтік құрылымдардың қалыптасуына ықпал етті, өйткені бірлесіп жұмыс істеу қажеттілігі туындады.

- Адамзат тарихындағы кезеңдер: жабайы-варварлық-өркениет. Адамзат тарихы үш негізгі кезеңге бөлінеді: жабайы, варварлық және өркениет. Жабайылық өмірдің қарапайым түрлерімен, варваризм ауыл шаруашылығы мен қолөнердің дамуымен, өркениет мемлекеттер мен күрделі әлеуметтік құрылымдардың қалыптасуымен сипатталады.

- Тас – қола-темір дәуірі. Тас дәуірі одан әрі ілгерілеуге негіз болды: адамдар таспен құрал жасау үшін жұмыс істеуді үйренді. Қола дәуірі металл өңдеудің ашылуымен ерекшеленді, нәтижесінде берік құралдар пайда болды. Темір ғасыры қоғамдағы күштердің арақатынасын өзгерткен құралдар мен қару-жарақтарды жаппай өндіру дәуіріне айналды.

Өндіріс шаруашылығы және оның қарапайым түрлері. Өндіруші экономикаға көшумен адамзат тарихында жаңа дәуір басталды.

- Екіншіліктің қарапайым түрлері, мысалы, кетпен мәдениеті, адамдарға бір жерге қоныстануға және ауыл шаруашылығын дамытуға мүмкіндік берді. Бұл алғашқы елді мекендер мен қалалардың пайда болуына әкелді.

- Малды қолға үйрету. Соқалы екіншілік. Малды қолға үйрету ауыл шаруашылығын дамытудағы маңызды қадам болды. Мал азық-түлік көзі ретінде ғана емес, егістіктерде жұмыс күші ретінде де пайдаланылды. Соқалы екіншілік өнімділікті едәуір арттырды және күрделі аграрлық жүйелерді дамытуға мүмкіндік берді. Еңбек құралдары мен ұйымдарын жетілдіруге байланысты өнеркәсіптік еңбек. Технологияның дамуымен еңбек өнімділігінің өсуіне ықпал еткен еңбек құралдары жетілдірілді. Еңбек ұйымы да өзгеріске ұшырады:

мамандандырылған кәсіптер пайда болды, нәтижесінде қоғамдағы еңбек бөлінісі пайда болды.

- Алғашқы коммунизм. Отбасындағы еңбек бөлінісі. Алғашқы коммунизм жеке меншіктің болмауымен сипатталды: барлық ресурстар қауымдастық мүшелері арасында бөлінді. Отбасы ішіндегі еңбек бөлінісі де маңызды рөл атқарды: ер адамдар аң аулаумен, ал әйелдер жинау және бала күтімімен айналысты.

- Матриархат. Патриархат. Уақыт өте келе қоғамда әртүрлі әлеуметтік құрылымдар қалыптаса бастады: матриархат (онда әйелдер басым рөл атқарды) патриархатқа ауыстырылды (билік ер адамдарға тиесілі). Бұл өзгерістер отбасылық қатынастарға және қоғамның әлеуметтік ұйымына әсер етті.

- Жабық үй шаруашылығы. Жабық үй шаруашылығы алғашқы экономикалық жүйелердің қалыптасуына негіз болды. Мұндай жағдайда адамдар қолөнерді игере бастады, бұл қауымдастықтар арасындағы сауданың дамуына ықпал етті.

- Тіл және оның рөлі. Жазудың бастапқы әдістері. Тіл адамдар арасындағы қарым-қатынастың маңызды құралына айналды, бұл білімді ұрпақтан-ұрпаққа беруге мүмкіндік берді. Жазудың бастапқы әдістері (мысалы, пиктограммалар) үй шаруашылығына немесе оқиғаларды жазуға арналған ақпаратты жазу қажеттілігі ретінде пайда болды. Діннің элементтері. Рух идеясы. Анимизм. Дін өлімнен кейінгі өмір мен қоршаған әлемнің табиғаты туралы сұрақтарға жауап ретінде қалыптаса бастады.

- Анимизм-табиғат рухтарына деген сенім-рухани әлемнің объективі арқылы табиғат құбылыстарын түсіндіретін адамзаттың алғашқы діни тұжырымдамаларының бірі болды. Фетишизм. Тотемизм. Сиқыршылық. Өлгендерге табыну ата – бабаларға деген құрметті көрсетті; фетишизм – заттардың сиқырлы күшіне деген сенім; тотемизм – адамдар мен жануарлар немесе өсімдіктер топтары арасындағы байланыс; сиқыршылық – қоршаған әлемге әсер ету үшін сиқырды қолдану-бұл элементтердің барлығы қарабайыр адамның алғашқы діни сенімдерінің негізін құрайды.

- Өнер. Білім және техника. Қазіргі жабайы адамдардың өмірі. Қарабайыр адамның өнері жартастағы кескіндеме, ағаш немесе тас ою арқылы көрінді; ол эстетикалық мақсаттарға ғана емес, сонымен қатар салттық мағынаға ие болды. Табиғат туралы білім мифтер мен аңыздар арқылы берілді; техника қоғамның қажеттіліктерімен қатар дамыды.

Әрі қарай бағдарлама Ежелгі Шығыс пен Рим империясын зерттеуді көздеді, бұл студенттердің ұлы өркениеттер туралы білімдерін байытып қана қоймай, сонымен қатар жергілікті дәстүрлермен параллельдер жасауға мүмкіндік берді. Осылайша, әлемдік және аймақтық контекст интеграциясы орын алып, болашақ мұғалімдердің көпұлтты қоғамда тарихты оқыту үшін кең дүниетанымы мен құзыреттілігін қалыптастырды.

